

**«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті» Коммерциялық емес Акционерлік Қоғамы жұмысшыларының Жергілікті кәсіподағы»
Қоғамдық бірлестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті» Коммерциялық емес Акционерлік Қоғамы жұмысшыларының Жергілікті кәсіподағы» Қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – АеАҚ ҚазҰМУ жұмысшыларының Жергілікті кәсіподағы», немесе «Кәсіподақ») – «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті» жұмысшыларының кәсіби одағы» Қоғамдық бірлестігінің бұрынғы атауы, БСН 951240001996, медицина университеті және онымен байланысты ұйымдар қызметкерлерінің жалпы еңбек және өндірістік-кәсіби мүдделерін қорғау үшін құрылған.

1.2. Кәсіподақтың толық атауы:

- Мемлекеттік тілде – «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті» Коммерциялық емес Акционерлік Қоғамы жұмысшыларының Жергілікті кәсіподағы» Қоғамдық бірлестігі»;
- Орыс тілінде- «Общественное объединение «Локальный профсоюз работников Некоммерческого Акционерного Общества «Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова».

Кәсіподақтың қысқартылған атауы:

- Мемлекеттік тілде - «ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының Жергілікті кәсіподағы»;
- Орыс тілінде - «Локальный профсоюз работников НАО КазНМУ».

1.3. Кәсіподақ, оның құрылымдық бөлімшелері мен олардың сайланбалы органдары өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Кәсіби одақтар туралы» Заңына, «Бейкоммерциялық ұйымдар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасының басқа заңнамасына және аталмыш Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

1.4. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы – заңды тұлға болып табылады. Кәсіподақтың құқықтық қабілеті оның заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте мемлекеттік қайта тіркелген кезінен бастап пайда болады.

1.5. Кәсіподақтың дербес теңгерімі, банктерде ұлттық және шетел валютасында есептік және басқа шоттары, мөрі, штампы мен мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өзінің атауы көрсетілген бланкілері бар.

1.6. Жергілікті кәсіподақ – Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымы болып табылады және оның Жарғысы мен Атқарушы органдардың шешімдерін орындайды.

1.7. Жергілікті кәсіподақтың мекенжайы: Қазақстан Республикасы, индексі 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көш., 94.

2. КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

2.1. Жергілікті кәсіподақтың негізгі мақсаттары – Кәсіподақ мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық және сәсіби құқықтары мен мүдделерін қорғау, жұмыс берушімен өзара тиімді ынтымақтастық ұйымдастыру, Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің Жарғылық қызметін ұйымдастыру және кәсіподақтық тұтастық пен ынтымақтастықты нығайту болып табылады.

2.2. Кәсіподақ қызметінің мәні:

2.2.1. Бас, салалық тарифтік жіне өңірлік келісімдерді орындау, келіссөздер жүргізу және жұмысшылар – Кәсіподақ мүшелері атынан жұмыс берушімен ұжымдық шарт жасау;

2.2.2. Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін өз құзыретінің аясында мемлекеттік билік органдары, жұмыс берушілер, кәсіпкерлер бірлестіктері және қоғамдық бірлестіктермен өзара қарым-қатынастарда қорғау;

2.2.3. еңбек дауларын сотқа дейінгі шешуге қатысу, қажеттілік болғанда сот органдарына Кәсіподақ мүшелерінің еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін талап арызбен бару, олардың мүдделерін сотта, еңбек арбитражы және мемлекеттік органдарда медиация өткізу кезінде қорғау;

2.2.4. өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің қоғамдық бақылануын қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асыру, жұмысшылардың еңбек тәртіптемесін, еңбек тәртібін, сонымен қатар қауіпсіздік ережелері мен еңбекті қорғау ережелерін сақтауға атсалысу;

2.2.5. Кәсіподақ мүшелерінің арасында олардың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін түсіндіру жұмыстарын және ұйымда мәдени-жаппай және спорт-сауықтыру іс-шараларын өткізу.

3. КӘСІПОДАҚТЫҚ МҮШЕЛІК. КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағының мүшелері, шетел азаматтары Кәсіподақтың осы Жарғысын мойындап ұстанатын Қазақстан Республикасының азаматтары, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінде Коммерциялық емес Акционерлік Қоғамында және басқа байланысты ұйымдары бола алады.

3.2. Кәсіподақтағы мүшелік ерікті болып табылады. Кәсіподаққа негізгі жұмыс орны бойынша Кәсіподақтың бірінші ұйымына жеке өтініш беру арқылы кіреді.

3.3. Кәсіподақтағы мүшелік Кәсіподақ мүшелігіне қабылдау туралы өтініш берілген күннен бастап есептеледі және балалары үш жасқа толғанға дейін оларды бағуға байланысты уақытша жұмысты тоқтату жағдайында үзілмейді.

3.4. Кәсіподақтағы мүшелік жұмысшының өтінішімен, Кәсіподақтан ерікті шығу немесе шығарылу жағдайында тоқтайды.

3.5. Мүшелерді жеке есептеу Кәсіподақта олардың өтінішімен ол белгілеген формада жүзеге асырылады, немесе бұл құзыреттер олардың құрылымдық бөлімшелеріне өтеді.

3.6. Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары:

3.6.1. жиналыстарға (конференцияларға) қатысу;

3.6.2. Басқарушы және бақылау-ревизиялық органдарға сайлау және сайлану;

3.6.3. Кәсіподақ өткізетін барлық іс-шараларға қатысу;

3.6.4. Кәсіподақтың кез-келген органдарына оның қызметімен байланысты ұсыныстарды беру;

3.6.5. Кәсіподақтың және оның құрылымдарының қызметі туралы ақпарат алу;

3.6.6. Белгіленген тәртіпте Кәсіподақтың мүлкі мен қаражаттарын пайдалану;

3.6.7. Кәсіподақтан шығармашылық бастамалар мен бағдарламаларға әділ білікті баға, сонымен қатар оларды жүзеге асыруға қолдау алу;

3.6.8. Кәсіподақтан консультациялық, ұйымдық және басқа көмек сұрау;

3.6.9. Кәсіподақтан еркімен шығу;

3.6.10. Кәсіподақ тарапынан өз заңды құқықтарының қорғалуын пайдалану, Кәсіподақтан өз мүдделерін мемлекеттік билік органдарында және жергілікті өзіндік басқарма органдарында, соттарда, қоғамдық бірлестіктерде, заңды және жеке тұлғалармен қатынастарда қорғауын сұрау.

3.7. Кәсіподақ мүшелерінің міндеттері:

3.7.1. қолданыстағы заңнаманың талаптарын, аталмыш Жарғы ережелерін, Кәсіподақтың басқарушы және бақылаушы органдары шешімдерінің талаптарын орындау;

3.7.2. мүшелік жарналарды тұрақты төлеп тұру;

3.7.3. салауатты өмір салтын ұстану және насихаттау;

3.7.4. сайланған органдар жұмысына белсенді қатысу;

3.7.5. өз қызметі арқылы Кәсіподақтың нығаюына және оның алдында тұрған міндеттерді орындауға атсалысу.

3.8. Кәсіподақтың мүшелері белсенді жұмысы үшін оларға алғыс білдіру немесе Құрмет грамотасын беру арқылы ынталандырылуы мүмкін, сонымен қатар кәсіподақ бюджетінің қаражатына қымбат сыйлық және сыйақы алады.

3.9. Жарғыны орындамағаны үшін Кәсіподақ мүшесіне ықпалету шаралары қолданылуы мүмкін: сөгіс, кәсіподақтық жеңілдіктер құқығынан айыру және Кәсіподақтан шығару.

3.10. Кәсіподақ мүшесінің жауапкершілігі туралы мәселе Кәсіподақтың құрылымдық ұйымының сайланбалы органымен немесе Кәсіподақтың атқарушы органымен шешіледі.

3.11. Мүшеліктен шығару немесе сөгіс айту туралы шешім Кәсіподақ мүшесінің қатысуымен қабылданады. Жиналысқа немесе мәжіліске дәлелді себепсіз келмеген жағдайда, шешім Кәсіподақ мүшесінің қатысуынсыз қабылданады.

3.12. Кәсіподақ мүшелігінен шығып қалған тұлға кәсіподақ мүлкіне және ол төлеген жарналарға құқығы жоқ.

4. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағының негізі – оның Кәсіподақ мүшелері болып табылады.

4.2. Кәсіподақ қызметі демократия мен мүшелерінің белсенділігіне сүйенген одақшыл тәртіпке негізделіп құралған.

4.3. Өз міндеттеріне сәйкес Кәсіподақтың органдары өз ұйымдық құрылымы және жұмыс тәртібін анықтайды.

4.4. Кәсіподақ құрылымының құрамына қолданыстаы заңнама мен осы Жарғы негізінде құрылған бастауыш ұйымдар мен басқа құрылымдық бөлімшелер кіре алады.

4.5. Кәсіподақтың атқарушы және басқа органдарының мәжілістері мүшелердің жартысынан көбі, ал жиналыстар мен конференциялары – олардың жұмысына қатысушылардың үштен екі бөлігінен көбі қатысқан жағдайда құқыққа қабілетті деп есептеледі.

4.6. Кәсіподақтың атқарушы органдарының жиналыстары, конференцияларының шешімдері, Жарғыда арнайы аталып өтілген жағдайлардан бөлек, қарапайым көпшілік даусымен қабылданады, олар дауыс беруге қатысқандар санынан анықталады (кворум болғанда).

4.7. Кәсіподақ пен оның құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара қарым-қатынастар аталмыш Жарғы, Кәсіподақтың атқарушы органдары оларда сайланған органдар мен лауазымды тұлғаларға берген келісімдер мен сенімхаттар негізінде құралады.

5. КӘСІПОДАҚТЫҢ БАСҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ. ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ, ӨКІЛЕТТІГІ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ

5.1. АеАҚ ҚазҰМУ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағының жоғарғы басқарушы органы – Кәсіподақ **Конференциясы** болып табылады.

5.2. Кәсіподақ Конференциясының айрықша өкілеттігіне мыналар жатады:

5.2.1. Жарғыны бекіту, Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

5.2.2. Кәсіподақты қайта ұйымдастыру және тарату;

5.2.3. Кәсіподақтың жетекші атқарушы органдарын сайлау – Комитет мүшелерін, Бақылау-ревизиялық комиссия Төрағасы мен мүшелерін, олардың өкілеттігін, олардың құрылу тәртібі мен өкілеттігінің аяқталу тәртібін анықтау;

5.2.4. Кәсіподақ Комитетінің жылдық есебін бекіту;

5.2.5. Кәсіподақтың қаржы есептілігін ұсыну тәртібі мен мерзімділігін, сонымен қатар Бақылау-ревизиялық комиссияның тесеруді өткізу және олардың нәтижелерін бекіту тәртібін анықтау;

5.2.6. Қызметтің негізгі бағыттарын анықтау, ұзақ мерзімдік бағдарламалар мен жобаларды бекіту;

5.2.7. Кәсіподақ бейнелемесі мен атрибутикасын бекіту, кейін белгіленген тәртіпте тіркеу.

5.3. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы конференциясының делегаттары – оның құрылымдық бөлімшелерінің сайланбалы өкілдері болып табылады. Құрылымдық бөлімшелерден Конференция делегаттары өкілдігінің нормасы Кәсіподақ Комитетімен анықталады.

5.4. Кәсіподақтың есептілік-сайланбалы Конференциясы бес жылда бір реттен сиректетпей Кәсіподақ Комитетінің шешімімен шақыртылады.

5.5. Кәсіподақтың кезектен тыс Конференциясы Кәсіподаққа кіретін құрылымдық бөлімшелердің үштен бірінен кем емес бөлігінің талабымен немесе Кәсіподақ Комитетінің шешімімен шақыртылады.

5.6. Конференциялар арасындағы кезеңде Кәсіподақтың басты бақаратын Атқарушы органы – **Атқарушы комитет** (әрі қарай «Комитет») болып табылады, оны Конференция бес жылдық мерзімге сайлайды. Комитеттен шыққан мүшелерді алмастыру Кәсіподақтың тиісті құрылымдық ұйымдарынан тікелей табыстау арқылы, олардың кандидатураларын Кәсіподақ Комитетінің мәжілісінде бекіту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

5.7. Кәсіподақ Комитетінің мәжілісі тоқсанына бір реттен сиректетпей өткізіледі.

5.8. Кәсіподақ Комитеті келесі басқарушы міндеттерді атқарады:

5.8.1. Кәсіподақ пен оның мүшелерінің мүдделерін мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық және басқа ұйымдар алдында қорғайды;

5.8.2. Ұйымдық құрылымы өзгерген жағдайда, Кәсіподақтың құрылымыдық бөлімшелерінің сайланбалы органдарының құрамын сайлау және бекіту, сонымен қатар олардың өкілеттіктерінің тоқтау мәселелерін шешеді;

5.8.3. Өкілетті өкілдерге сенімхат береді және қайтарып алады;

5.8.4. Кәсіподақтың сметалары мен бюджеттерін бекітеді және орындалуын бақылайды;

5.8.5. Тәжірибелік қажеттілік пен қаржы мүмкіншіліктеріне қарай Кәсіподақтың құрылымы мен аппаратының штаттарын бекітеді;

5.8.6. Кәсіподақтың құрылымдық ұйымдарының сайланбалы органдары жетекшілерінің есептерін, жұмыс беруші өкілдерінің әлеуметтік-экономикалық және Кәсіподақ Жарғысы мен қолданыстағы заңнама аясындағы басқа мәселелерді шешу бойынша ақпараттарын тыңдайды;

5.8.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін конференциялар, шерулер, митингтер мен қоғамдық науқандарды өткізу тәртібі мен формалары мәселелерін шешеді;

5.8.8. Кәсіподақтардың әртүрлі бірлестіктерін құру және оларға кіру, шарттық негізде басқа заңды тұлғалармен өзара әрекеттесу мәселелерін шешеді;

5.8.9. Қолданыстағы заңнама аясында өндірісітік, шаруашылық және басқа қызметті жүзеге асырады;

5.9. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағының **Төрағасы** Конференцияда, немесе Кәсіподақ Комитетінің мәжілісінде бес жылдық мерзімге сайланады, олардың жұмысында тұрақты төрағалық етеді, немесе лауазым бойынша құық алады.

5.10. Өз қызметінде Төраға Кәсіподақ Комитеті мен Конференциясына есеп береді. Кәсіподақ Төрағасының мерзімінен бұрын аяқталуы Конференцияның шешімімен дайыутардың үштен екіден кем емес бөлігімен орындалады.

5.11. Төраға Кәсіподаққа, Комитетке жалпы басқарушылық етеді және келесі басқарушылық міндеттерді атқарады:

5.11.1. Кәсіподақты билік органдарында, шаруашылық басқарма органында, қоғамдық ұйымдар мен басқа құрылымдарда таныстырады;

5.11.2. Шаруашылық немесе өзге басқарма органдарымен келісімдер мен шарттар жасайды, олардың орындалуын бақылайды;

5.11.3. Сенімхатсыз Кәсіподақ атынан әрекет етеді, басқа біреу тапсыру құқығымен сенімхаттар береді;

5.11.4. Аппарат жұмысын толымдайды және ұйымдастырады;

5.11.5. Бюджеттер мен басқа қаражаттардың жоспранану, орындалуын бақылайды;

5.11.6. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;

5.11.7. Кәсіподақтық кадрлар мен активтің оқуын ұйымдастырады;

5.11.8. Кәсіподақ Комитетінің Конференциялары мен мәжілістерінің дайындығы мен өткізілуін қамтамасыз етеді, олардың шешімдерінің орындалуын бақылайды;

5.11.9. Кәсіподақ мүлкін және мүшелік кәсіподақтық жарналарға иелік етеді;

5.11.10. Салалық кәсіподақпен, басқа кәсіподақтармен және олардың бірлестіктерімен өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді;

5.11.11. өкімдер (бұйрық) шығарады, бірінші қолтаңба құқығына ие болады.

5.11.12. Кәсіподақтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің ағымдағы жұмысын ұйымдастырады;

5.11.13. Кәсіподақ Конференциясында өз жұмысы туралы есеп береді және аталмыш Жарғы талаптарына сүйеніп басқа міндеттерді атқарады.

5.12. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағының **Құрылымдық бөлімшелері** – заңды тұлғаны құрусыз жасалатын бастаушы кәсіподақтық ұйымдар мен кәсіподақтық топтар болып табылады.

5.13. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесінің жоғарғы органы – жалпы жиналыс (немесе конференция) болып табылады.

5.14. Кәсіподақтың бастаушы ұйымының сайланбалы органы – жалпы жиналыста (конференцияда) бес жылдық мерзімге сайланатын кәсіби бюро болып табылады.

5.15. Кәсіби бюроның жұмысын кәсіби ұйымдастырушы басқарады, ол Кәсіподақтың өкілетті өкілі болып табылады, және сайланбалы лауазым бойынша жергілікті кәсіподағы Комитетінің құрамына құқық алады. Кәсіби ұйымдастырушы келесі міндеттерді атқарады:

5.15.1. Заңнамаға және аталмыш Жарғыға сәйкес Кәсіподақ мүшелерін қорғау бойынша өз құқықтарын жүзеге асырады;

5.15.2. Ұжымдық шартты орындаудың қоғамдық бақылауын іске асырады;

5.15.3. Кәсіподақ Төрағасының алдында Кәсіподақ мүшелері мен олардың отбасыларына материалдық (қайырымдылық) көмек көрсету туралы өтініш етеді;

5.15.4. Комитеттің және Кәсіподақ Төрағасының басқа тапсырмаларын орындайды.

5.16. Кәсіби бюроның құрамына міндетті түрде еңбек қорғау жөніндегі инспектор мен еңбек даулары жөніндегі медиатор кіреді.

5.17. Кәсіподақтың үш адамнан кем емес құралған бастаушы ұйымы, Кәсіподақ төрағасының келісімен, бөлім жетекшісінің қолдауымен Кәсіподақ құрылым бөлімшелерін ұйымдастыруға болады. Бөлім жетекшілері бес жылға сайлана алады.

5.18. Төрағасының мақұлдауымен, кәсіби топ ұйымдастырушы басқаратын кәсіподақтық топтар құрылуы мүмкін. Кәсіби топ ұйымдастырушының өкілеттік мерзімі үш жылда белгіленеді.

5.18. Кәсіподақтың Құрылымдық бөлімшелерінің құқықтары:

5.18.1. Кәсіподақтың сайланбалы органдарын құруда қатысу;

5.18.2. Кәсіподақ мүшелерінің дәлелді құқықтары мен мүдделерін қорғау кезінде қолдау алу;

5.18.3. Жұмыс, сайланбалы органдардың құрылымы, одақ ішілік қызметтің басқа мәселелері бойынша ақпарат алу және ұсыныстар беру;

5.18.4. Кәсіподақ Төрағасының мақұлдауымен өзінің ішкі құрылымын анықтау.

5.19. Кәсіподақтың Құрылымдық бөлімшелерінің және олардың сайланбалы органдарының міндеттері:

5.19.1. Кәсіподақ Конференциясы мен Комитеті аталмыш Жарғыға сәйкес қабылдаған шешімдерді орындау, және қажеттігінше өзінің кәсіподақтық қызмет мәселелері бойынша есеп беру;

5.19.2. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы Жарғысының ережелерін орындау.

6. КӘСІПОДАҚТЫҚ ОРГАНДАРДЫҢ ЕСЕПТІЛІК ТӘРТІБІ, МЕРЗІМ-ДЕРІ. ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

6.1. Кәсіподақтық органдар жиналыстарда, конференцияларда, сонымен қатар тікелей табыстау арқылы құрылады, тікелей табыстау кезінде ұйым Кәсіподақ Конференциясы немесе Комитетпен белгіленген белгілі бір квота бойынша өз өкілдерін тиісті кәсіподақтық органдарға оларды қайтару және ауыстыру құқығымен сайлайды.

6.2. Кәсіподақ басшыларын сайлау, бекіту және өкілеттігін тоқтату тәртібін жиналыс, конференция, ал олардың арасындағы кезеңде сайлау өтетін кәсіподақтық орган немесе Кәсіподақ Комитеті анықтайды.

6.3. Сайлау кезінде басқа кандидаттармен салыстарғанда көбірек дауыс жинаған кандидат сайланды деп саналады, алайда ол кворум бас кезінде дауыс беруге қатысқандардың жартысынан кем емес даусын жинау керек.

6.4. Дауыс беру түрі (ашық немесе жабық) туралы шешімді жиналыстарда, конференцияларда немесе сайланбалы органдармен қабылдайды. Жабық дауыс беру бюллетеньдерді пайдалану арқылы өткізіледі.

6.5. Кәсіподақ Комитетінің сайлауы қажеттілігінше қарай, алайда бес жылда бір реттен сиректетпей өткізіледі.

6.6. Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссиясы басқа кәсіподақтық органдар секілді тәртіпте бес жылдық мерзімге сайланады.

6.7. Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссиясы оны жаңа ғана сайлаған Конференцияға есепті. Өз жұмысында бақылау-ревизиялық комиссия Кәсіподақ Жарғысын және Кәсіподақтың Конференциясында бекітілген Ережені басшылыққа алады.

6.8. Бақылау-ревизиялық комиссияның шешімі оның өкілеттілігінің аясында – Кәсіподақтың тиісті атқарушы органдарына міндетті болып табылады.

6.9. Бақылау-ревизиялық комиссияның мүшелері тиісті сайланбалы кәсіподақтық органдардың мәжілістерінде кеңесші дауыс құқығын пайдаланады.

6.10. Бақылау-ревизиялық комиссия жылына ір реттен сиректетпей міндетті тексерістерді өткізеді.

6.11. Бақылау-ревизиялық комиссияның Төрағасы Кәсіподақ Конференциясының жұмысына лауазымы бойынша оның қатысушысы (делегаты) ретінде қатысады.

7. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ПЕН САЛАЛЫҚ КӘСІПОДАҚ ОРГАНДАРЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІН ОРЫНДАУ

7.1. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағының құқықтары:

7.1.1. Өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар мемлекеттік органдармен, жұмыс берушілермен және басқа қоғамдық ұйымдармен өзара қатынастарында қызмет саласы ұйымдарының жұмысшыларының өкілдері болу;

7.1.2. Сотқа өз мүшелеоінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қуыным беру, медиация жүргізу кезінде, сотта, еңбек арбитражында, мемлекеттік органдарда олардың өкілі ретінде шығу, оларға басқа құқықтық көмек көрсету;

7.1.3. Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін шек қоятын мемлекеттік органдарының актілеріне Сотқа шағым беру;

7.1.4. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қоғамдық бақылау;

7.1.5. Келіссөздер жүргізу, мәмілелер мен ұжымдық шарттар жасау;

7.1.6. Кәсіподаққа жеке меншіктілік құқығында тиесілі мүлікті иелену, пайдалану және басқару;

7.1.7. Жарғылық мақсаттарға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз мүшелерінің мүддесіндегі өндірістік және шаруашылық қызметті іске асыру.

7.2. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағының міндеттері:

7.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғы ережелерін және Салалық кәсіподақ шешімдерін ұстану;

7.2.2. Бас, салалық және өңірлік келісімдердің міндеттерін, сонымен қатар ол қол қойған ұжымдық шарттардың міндеттерін орындау;

7.2.3. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелеріндегі әлеуметтік-еңбек дауларының алдын алу шараларын қолдану;

7.2.4. Кәсіподақтың мүшелері арасында олардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша, ұжымдық шарттар жасау кезінде келіссөздер жүргізу дағдысын дамыту бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

7.2.5. Кәсіподақтың мүшелері - жұмысшылардың еңбек тәртіптемесін, еңбек тәртібін, сонымен қатар қауіпсіздік ережелері мен еңбекті қорғау ережелерін сақтауға атсалысу;

7.2.6. Кәсіподақтың мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ереуіл, митинг, шеру, пикет және демонстрация ұйымдастыру және өткізу тәртібін ұстануын қамтамасыз ету;

7.2.7. Кәсіподақтың мүшелеріне Кәсіподақ бюджетінің қаражаттарының түскені (кіріс) және жұмсалуды туралы хабарлау.

8. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҚАРЖЫСЫ ЖӘНЕ МҮЛКІ. МҮШЕЛІК КӘСІПОДАҚТЫҚ ЖАРНАЛАРДЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІНЕ АҚШАНЫҢ ТҮСУІ ЖӘНЕ ЖҰМСАЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ТӘРТІБІ

8.1. Кәсіподақтың қаражаттары мен мүлкі мүшелік кәсіподақтық жарналардан, ерікті жәрдемдер мен демеушілік көмектен, сонымен қатар қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған шаруашылық немесе басқа қызметтен келетін кірістерден құралады.

8.2. Кәсіподақ, қаржы көздерінен басқа, өзінің жылжымалы және жылжымайтын мүлкіне иелік етеді және өзі басқарады. Кәсіподақтың меншігі болып табылатын мүлкі Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалады.

8.3. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелері олардың сайланбалы органдары Кәсіподақ Төрағасы берген сенімхат аясында оперативтік басқару құқығында мүлік пен ақшалай қаражаттарды пайдаланады, иелік етеді және басқарады, және оларды пайдалану туралы Кәсіподақтың мүшелері алдында тұрақты есеп береді.

8.4. Ай сайынғы мүшелік кәсіподақтық жарналар Кәсіподақ мүшесіне аударылған жалақыдан бір пайыздық көлемде белгіленеді.

8.5. Кәсіподақтың мүшелері – балаларды бағуға байланысты жұмыстарын тоқтатқан жұмысшылары мүшелік жарналарды төлеуден босатылады.

8.6. Мүшелік жарналар мен басқа заңды көздерден құралған кәсіподақ бюджетінің қаражаттары аталмыш Жарғымен қарастырылған мақсаттарға пайдаланылады, және келесі шығыс баптары бойынша таратылады:

1) Салалық кәсіподаққа Жарғымен, немесе Салалық кәсіподақ Съезімен (Конференциясымен) белгіленетін көлемдегі аударымдар;

2) Штаттық жұмысшылар ұстау және өндірістік-шаруашылық қызметті іске асыру, Кәсіподақтағы мәдени-жаппай және спорт іс-шараларын қаржыландыру – кәсіподақтық жарналардың жалпы жинағынан 70 - 90 пайызға дейін;

3) Басқа кәсіподақтармен (олардың бірлестіктерімен) ынтымақтасу және әлеуметтік қолдау қорын құру - кәсіподақтық жарналардың жалпы жинағынан 5 пайызға дейін.

8.7. Кәсіподақтың бухгалтерлік бөлімімен Қазақстан Республикасының «Бухгалетрлік есеп туралы» Заңына сәйкес компьютерлік бағдарламалар мен технологияларды пайдаланып ақшалай және материалдық қаражаттардың есебі жүргізіледі.

8.8. Шаруашылық органдардан кәсіподақтық жарналар тәртібімен қолма-қолсыз ұсталған сомалардан Кәсіподақ бухгалтериясы ол туралы Кәсіподақ Төрағасына үшкүнгізілген күн ішінде хабарлайды.

8.9. Кәсіподақ бюджетінің қаражаттары Кәсіподақтың құрылымдық ұйымынан сенімді өкілге Кәсіподақ Комитеті бекіткен форма бойынша алғытөлемдік есепті ұсыну міндетімен бір айлық мерзімге берілуі мүмкін.

8.10. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы өзі мүшелік ұйымы болып табылатын Салалық кәсіподақтың қаржылай және мүліктік міндеттері үшін жауапты емес.

9. КӘСІПОДАҚ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1. Аталмыш Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығына тек қана Кәсіподақ Конференциясы ие.

9.2. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподақ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Конференция делегаттарының абсолюттік көпшілігімен қабылданады (делегат санының үштен екісі).

10. КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

10.1. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағының қызметі Кәсіподақ Конференциясының шешімімен, немесе заңмен қарастырылған жағдайларда сот шешімімен қосылу, бірігу, бөлу, бөліп алу, түрлендіру немесе тарату формасы арқылы тоқтауы мүмкін.

10.2. Кәсіподақты қайта ұйымдастыру кезінде, оның Кәсіподақ мәртебесі мен құрылымы өзгерген жағдайда, Кәсіподақтың құқықтары мен міндеттері оның құқық мирасқорына өтеді.

10.3. Конференцияның Кәсіподақты тарату (қайта ұйымдастыру) туралы шешімі оның төрттен үш қатысушылары (делегаттары) дауыс берген жағдайда қабылданды деп есептеледі.

10.4. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағының қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

10.5. Кәсіподақты тарату үшін тарату комиссиясы құрылады, оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті ұйымдастыру шараларын өткізу мақсатымен Кәсіподақтың барлық сайланбалы органдарының құқықтары өтеді.

10.6. ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподаған таратқан жағдайда, оның қалған мүлкі, оның несиенгерлерінің барлық талаптарын қанағаттандырған соң, аталмыш Жарғыда анықталған мақсаттарға сәйкес қоғамдық мұқтаждықтарға пайдаланылады.

10.7. Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің тізіліміне мәліметтер енгізуден кейін, Тарату аяқталды деп, ал ҚазҰМУ АеАҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы өз қызметін тоқтатты деп есептеледі.

болса, онда бұл басқа оның ережелерін қамтымайды. Жарамсыз ереже құқықтық қатынаста ұйғарындысына немесе мағынасы жағынан жақын ережеге алмастырылады.

11.2. Аталмыш Жарғы Кәсіподақтың заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік қайта тіркелу сәтінен бастап өз күшіне енеді.

«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ»
КеАҚ жұмысшыларының Жергілікті кәсіподағы»
Қоғамдық бірлестігінің
Кәсіподақ Төрағасы



С.А.Алтынбеков